



БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Қазір қалалық әкімдік 160 мемлекеттік қызмет түрлерін халыққа ұсынады. Соның ішінде 148-і электрондық форматқа көшірілген. Жылдың соңына дейін барлық мемлекеттік қызмет түрлері автоматтандырылады.

2-БЕТТЕ

№111
(4080)
Сенбі
19 қыркүйек
2020 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



■ ДЕНСАУЛЫҚ



БЕДЕУЛІКТІҢ СЕБЕБІ НЕ?

6-БЕТТЕ

■ ТАЛАЙҒЫ ТАРИХ



СЫЗДЫҚ СҰЛТАН НЕГЕ ТАСАДА ҚАЛДЫ?

8-БЕТТЕ

■ МӘДЕНИЕТ



МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ШАПАНЫ МЕН ТАҚИЯСЫ

12-БЕТТЕ

■ САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА «1000 ОРЫН. КӨШЕ САУДАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

1700

ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ



8 МЫҢ ҮЙ ГАЗҒА ҚОСЫЛАДЫ

Елордада табиғи газдың тарифі бекітілді. Енді үйінің жылу жүйесін газға қосқан тұрғындар көгілдір отынның текше метрі үшін 45 теңге төлейді. Жылдың соңына дейін 8 мың үй газға қосылады.

2-БЕТТЕ

ТАЗАЛЫҚ КҮНІ

Бүгін Қазақстан Дүниежүзілік «World Clean up day 2020» тазалық күніне қатысады.

Еліміздің экологиялық ұйымдары қауымдастығы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «StopMucog» жобасы және #Бізтазаелүшін

#Birge #TazaQazaqstan экологиялық қозғалысы шеңберінде осы акцияға қатысады. Акция табиғат аясында болған уақытты қызықты әрі пайдалы өт-

кізуге ғана емес, пікірлес адамдармен танысуға, азаматтардың экологиялық санасының қалыптасуы мен дамуына да мүмкіндік береді.



ЕЛБАСЫ «ПРАЙМЕРИЗГЕ» ТІРКЕЛДІ

Тұңғыш Президент – Елбасы, Nur Otan партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев үміткерлерге дауыс беру үшін «Праймериз» жүйесіне тіркелді. Бұл туралы Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Twitter-дегі парақшасында жазды.

«Бүгін Нұрсұлтан Назарбаев кандидаттардың сайлауалды бағдарламасымен танысып, дауыс беру процесіне қатысу үшін «Праймериз» ақпараттық жүйесінде авторизациядан өтті. Өздеріңізге белгілі, праймериздің онлайн дауыс беру рәсімі биыл 1-3 қазан аралығында өтеді» деп жазды Айдос Үкібай.

Nur Otan праймеризи партияның көшбасшысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен еліміздің партиялық-саяси даму тарихында тұңғыш рет республикалық партияшілік сайлау ауқымында өтеді.



МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАР БАЯНДАЛДЫ

Елорда әкімі Алтай Көлгінов Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесіп, қаланы дамытудың маңызды бағыттары туралы айтты.



Кездесуде қолжетімді тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар салу, үлескерлердің мәселелерін шешу, шет аймақтарды дамыту, бұқаралық спортқа жағдай жасау, газдандыру процесі, жануарларды қорғау мәселелері талқыланды.

Әкім Қоғамдық кеңестің мүшелері жүйелік мәселелердің қалай шешіліп жатқанын жеке көру үшін айналма жолдарға баратынын атап өтті. «Біз нөсер канализациясы мен тазарту құрылыстарының құрылыс барысымен таныстық. Мұндай кездесулер қаланың дамуы туралы ақпаратты кең аудитория арқылы азаматтарға жеткізуге және кері байланыс алуға мүмкіндік береді» деп атап өтті А.Көлгінов.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТОЛЫҚ АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, алдын-алу шаралары, адами факторды жою мақсатында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, мектептегі тамақтануда мемлекеттік сатып алуды электронды форматқа көшіру және басқа да бірқатар мәселелер Алтай Көлгіновтің басшылығымен Нұр-Сұлтан әкімдігінде өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында талқыланды.

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша көптеген жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Цифрландыруға ерекше назар аударылуда, өйткені бұл процесс адами факторды жояды. Әкімдік 160 мемлекеттік қызмет көрсетеді, оның 148-і электронды форматқа көшірілді. Жыл соңына дейін біз барлық мемлекеттік қызметтерді автоматтандырамыз. Қоғамдық көлік жұмысы да жаңартылды, төлем тек қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады, автобустар 100 пайыз электрондық төлем жүйелерімен жабдықталған. Нәтижесінде биыл 6 миллиард теңгеге дейін қаражаттың ашықтығын

қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Инженерлік желілерді және бүкіл қаланы цифрландыру бойынша да көптеген жұмыстар жүргізілуде, деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Қала әкімі Алтай Көлгінов кез келген заң бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанып, әсіресе, құрылыс, отын-энергетика кешені мен коммуналдық қызметтер, қалалық қоршаған орта мен сапаны бақылау салаларында кез-келген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауды тапсырды. Осы ведомстволармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіруге тапсырма берді.

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау барлық мемлекеттік органдар қызметінің басым бағыттарының бірі. Нормативтік құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы қалпына келтірілді, азаматтарды сыбайлас жемқорлық туралы хабарлауға ынталандырудың сараланған жүйесі енгізілді. Ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа басшылар тікелей жауапты. Күнделікті профилактикалық жұмыстар жүргізу керек» деп атап өтті елордалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысы Шыңғыс Ғабдула өз баяндамасында.



8 МЫҢ ҮЙ ГАЗҒА ҚОСЫЛАДЫ

Елордада табиғи газдың тарифі бекітілді. Енді үйінің жылу жүйесін газға қосқан тұрғындар көгілдір отынның текше метрі үшін 45 теңге төлейді.

Бұған дейін елордада баға 60 теңге болған еді. Қала әкімдігінің жүйелі жұмыс жүргізуінің нәтижесінде көгілдір отынның бағасы төмендеп, тұрғындар көңіліндегі «газ бағасы қымбат болып кетпей ме?» деген күдікті сейілтті. «Әкімдік орталық уәкілетті органдармен бірлесіп, үнемдеу мақсатында тарифті төмендету бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде бұрын газдың бір текше метрі 60 теңге болса, бұдан былай газдың әр текше метрінің бағасы 45 теңгеге дейін төмендетіледі. Газдандыру қоршаған ортаны жақсартумен қатар тұрғындардың денсаулығына тиімді әсер етеді, сонымен қатар жеке сектор тұрғындарының өмір сүру жағдайын айтарлықтай жеңілдетеді. Газ көмірге қарағанда салыстырмалы түрде қымбат, бірақ оның артықшылығы

көп» деді елорда әкімі Алтай Көлгінов қоғамдық кеңестің мүшелерімен өткен кездесуде.

Бүгінде «Железнодорожный» тұрғын алабында газ тарату желілерін тарту жұмысы 100 пайыз аяқталды. Ал «Промышленный» және «Көктал-2» тұрғын алаптарындағы жұмыс 95 пайыз, «Көктал-1» тұрғын алабында 80 пайыз аяқталған. Аталған тұрғын үй аумағындағы үйлерді, соның ішінде Агрорободтағы кейбір үйлерді ағымдағы жылыту маусымында газбен жылытуға болады. «Жылдың соңына дейін 8 мың үйдің газға қосылу мүмкіндігі болады. Әрбір үйдің алдына газды әкеп қоямыз. Тұрғын алаптары қыркүйек айының соңынан бастап газға қосылады» деді қалалық Отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Нұрәтә ЖҮСІП,
Сенат депутаты:

“”

«Қазір жұрт кітап оқудан қалып барады. Кітап оқымаған адам қалай білімді болады? Кітап оқымайтын қоғам қалай рухани кемелденбек? Кезінде Сократ, Платон, Сенека, Дидро сияқты данышпандар адамның рухани кемелденуіне кітап оқудың қандай пайдасы бар екенін айтып кеткен. Қазір тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде кітап оқу үрдісі дағдарысқа тап болды. Соның салдарынан «вторичная неграмотность» деген ұғым пайда болып отыр. Халықаралық PISA және PIAAC зерттеулерінің қорытындысы Қазақстандағы мектеп оқушылары мен ересектердің білім сапасы сын көтермейтінін айғақтайды. Оқымаған адам – ойсыз. Мәдениетсіз адам – мыйсыз. Ойсыздар мен мыйсыздарды көбейткеннен еш мемлекет опа таппайды!»

(17.09.2020. Сенаттың жалпы отырысында
Үкімет басшысының атына жолдаған сауалында айтқаны)

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

АЛМАТЫ

Алматыда індеттің жаңа толқынына дайындық аясында телемедицина орталығы құрылды. Енді алматылықтар медициналық кеңесті телемедицина көмегімен ала алады. Аталған орталықтың міндеті – COVID-19 вирусы болуы ықтимал және расталған жағдайлар бар науқастарға кеңес беру мен мониторинг жүргізу.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағанды қоғамдық көліктері электрондық билетке көшті. Жаңа жоба қазір тесттік жүйеде тексеріліп жатыр. Егер сәтті өтсе желтоқсан айынан бастап кондукторлар болмайды. Ал әзірге картамен де, ақшалай да есеп айырысуға болады. Бүгінде қаладағы 560 автобустың барлығына жол ақысын қабылдайтын арнайы қондырғы орнатылған. Смарт-картаның құны – 600 теңге.

ШҚО

Өскемендегі білім беру орындарында коронавирус инфекциясының алдын алып, иммунитетті көтеру үшін барлық қам жасалып жатыр. Әсіресе, мектепке дейінгі мекемелер бұл тұрғыда көпке үлгі болуда. Мәселен, қаладағы ірі балабақшалардың бірінде тұзды бөлме ашылды. Педиатр мамандар бұл бала денсаулығын дәрі-дәрмексіз нығайту үшін жақсы әдіс деп санайды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Облыста қызылша өсірушілерді қолдайтын жоба бастау алды. Агроөнімді егіс алқабынан тікелей сөреге жеткізу желісін іске қосуға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге қаралып отыр. Қаражат қант қызылшасын егетін шаруа қожалықтары мен оны өңдейтін кәсіпорындарға берілді. Өсімшүсіз несие егінші қауым өнім жинау және зауыттарға жеткізу жұмыстарына жұмсайды.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Облыста жаңа футбол академиясы құрылды. Академия – облыс футболын өрістетуге арналған жоба. Ол Павлодар, Ақсу және Екібастұз қаласы бойынша үш орталықтың басын қосады. Жергілікті бюджеттен бұл мақсатқа 130 млн теңге көлемінде қаржы бөлініпті. Бұл жоба футболды дамытудың жаңа үлгісін қалыптасатыруға мүмкіндік береді.

САЙЛАУАЛДЫ НАУҚАНЫНДА ҮМІТКЕРЛЕРМЕН ТАНЫСТЫ

Елорда әкімі Алтай Көлгінов сайлауалды науқанында кандидаттармен танысып, оларға дауыс беру үшін «Праймериз» ақпараттық жүйесіне тіркелді.

– Праймериз – әлеуметтік саты. Бұл әрбір тұрғынға еліміздің, қаламыздың дамуына үлес қосып, ат салысуы үшін берілген мүмкіндік. Тұрғындардың азаматтық жауапкершілік танытып, белсенді қатысып жатқаны қуантады. Қатысушылардың ұсынып жатқан

бағдарламаларының арасында қала үшін маңызды, мәселен арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысын жетілдіру, қызмет көрсетуді электронды форматқа көшіру, тұрғын үй бағдарламалары, шағын және орта бизнесті дамыту сынды ұсыныстары

көкейге қонымды, – деді қала әкімі. Қазақстан тарихында биыл алғаш рет өткізіліп отырған праймеризде ҚР Парламент Мәжілісіне немесе мәслихат сайлауына партия тізімін жасақтайды. Онлайн дауыс беру 1-3 қазан күндері өтеді.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАПТАРЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов «Сармат» тұрғын үйінің тұрғындарымен кездесті. Бұған дейін аталған аумақтың тұрғындары бірқатар талаптарын айтып, «Сармат» тұрғын үй кешенінің жанынан тағы бір тұрғын үй кешенін салуға қарсылық білдірген болатын.

Наразы тұрғындардың бір талабы – осы алаңда жалпы білім беретін мектеп салу. Кездесуде қала билігінің өкілдері жаңа нысанның аумағынан оқу орны салынатынын жеткізді. «Бұл шешім әкімнің тапсырмасы негізінде қабылданды және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізілді. Бұл қаулы мақұлданды. Бұл орынның бас даму жоспарында оқушылар орындарына деген қажет-

тілікті жабу үшін мектеп салу қарастырылған» деді Нұрлан Нұркенов кездесуде.

МЖӘ аясындағы жоба 2021 жылдың желтоқсанына дейін аяқталады деп уәде етілген. Онда 1800-ге дейін бала екі ауысымда оқи алады. Сонымен қатар сарапшылардың пікірінше, бүкіл тұрғын үй массивінде 600-ден көп студент болмайды. Бұл мектеп салынып жатқан үйдің қажеттілігін

өтеп қана қоймай, бүкіл аудан бойынша оқушыларға қосымша 1200 орын жасайды екен.

Бастамашыл топтың екінші тілегі – саябақ. Әкімнің орынбасары тұрғындарға бұл талаптарының да орындалатынын, ал оқушылар сарайын салу мәселесі бақылауға алынатынын жеткізді. Сондай-ақ жаңа тұрғын үй құрылысы қаланың қазіргі бас жоспарына сәйкес келетінін де атап өтті.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



ШЕКАРАСЫН ЖАПТЫ

Беларусь Президенті Александр Лукашенко Польша және Литвамен шекараларын жауып, Украинамен араны мықтап күзететінін мәлімдеді.

Беларусь басшысы осы үш елдің халқына үндеу жолдап, өз саясаткерлерінің кейбір әрекеттеріне тоқтау салып, соғысқа жол бермеуге шақырды. Лукашенко өзге мемлекеттердің сайлауды мойындауына зәру еместігін айтып, арнайы жасақты наразылық кезіндегі әрекеті үшін мақтады. Жақында Еуропарламент Лукашенконы қазіргі өкілеті 5 қарашада аяқталған соң оны Беларусьтің заңды президенті деп танудан бас тартатынын мәлімдеді.



COVID ЖҰҚТЫРҒАНДАР 30 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Әлемде коронавирус жұқтырғандар саны 30 миллионнан асты. Пандемия басталғалы бері 945 мың науқас індеттен қайтыс болған. 20 миллионнан астамы жазылған.

14 қыркүйектен бері, небәрі төрт күн ішінде әлемде Covid-ке шалдыққандар саны бір миллионға көбейген. ДДСҰ қыркүйек айында бірнеше рет «күндік рекордтық көрсеткішті» тіркеді. Әлемде коронавирус жұқтырғандар саны жағынан бірінші орында АҚШ (6,6 млн), екінші және үшінші орында Үндістан (5 млн) мен Бразилия (4 млн) тұр. Ал елімізде 110 мыңға жуық адам індет жұқтырып, 1671 адам қайтыс болды.



ТҮРІКТЕР ҰШАТЫН КӨЛІК ЖАСАДЫ

Ыстамбұлда Baykar Defence компаниясы Cezeri ұшатын көлігінің алғашқы сынағын өткізді. Бұл туралы Global News хабарлады. Ұшатын машинаның прототипі 10 метр биіктікке көтерілген.

Көлік әлі де жетілдірілген соң сағатына 100 шақырымға дейінгі жылдамдықпен екі мың метрге дейінгі биіктікке көтеріле алады. Компания аталған көліктің нарықта 10-15 жылдан кейін пайда болатынын алға тартуда.

© Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Алтыншы шақырылымдағы қалалық мәслихат депутаттарының және Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

2020 жылдың 22 қыркүйекте сағат 10.00-де «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өтетін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының алтыншы шақырылымының кезектен тыс сессиясы шақырылады. Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының

2019 жылғы 15 қаңтардағы № 351/43-VI шешіміне толықтыру енгізу туралы.

2. «Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге

де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келісу туралы.

4. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М.Шайдаров
Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36**

Алтыншы шақырылымның қалалық мәслихат депутаттарының және Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

2020 жылы 30 қыркүйекте сағат 10.00-де «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өтетін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының алтыншы шақырылымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Табиғи және техногендік сипаттағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елордада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Нұр-Сұлтан қаласының төтенше жағдайлар департаментінің атқарып жатқан жұмыстары туралы.

2. Қалалық мәслихаттың заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жасау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.

3. Нұр-Сұлтан қаласының аумағын-

дағы Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы.

4. «Астана қаласының аумағындағы жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы №79 қаулысына және Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №523/75-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6. Жер учаскелерін мемлекет

мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келісу туралы.

7. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-пікірлер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

8. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қарауға енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

9. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы туралы

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М.Шайдаров
Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36**

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Кентау қаласында ағымдағы жылдың басынан «Еңбек» бағдарламасы аясында 3979 адам жұмыспен қамтылған. Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру бойынша 482 азаматқа қолдау көрсетілу керек болса, бүгінге дейін олардың 314-і тұрақты жұмыстарын тапқан. Қаладағы 139 тұрғын «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік курсы оқып, 45-і шағын несие алған.

БҚО

Обыста биыл Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығы мен Қадыр Мырза Әлінің 85 жылдығы 25-27 қыркүйек күндері аталып өтіледі. Алғашқы күні Ақжайық аудан орталығының Чапаев ауылында Жұбан орталығы ашылады. Орал қаласында өтетін «Жайықтың қос қыраны» республикалық онлайн айтыс екі күнге созылмақшы. Оралда Жұбан ескерткіші мен Абай даңғылы ашылады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Облыста жылумен жабдықтау қызметіне тариф төмендеді. Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Теміржолсу-Қызыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2019 жылғы тарифтік сметасының орындалуына талдау жүргізді. Нәтижесінде заң талаптарының бұзылғаны анықталды.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ТӨМЕНДЕГЕН ЖОҚ

Қазақстанда негізгі құрылыс материалдарына деген нарықтың сұранысы 934 млрд теңгені құрайды. Сұраныстың жартысына жуығы отандық өнімдер арқылы қамтамасыз етіліп отыр. Құрылысшылар одағының президенті Талғат Ерғалиевтің пікірінше, бұл көрсеткішті 80-90 пайызға жеткізу керек.

© Дәулет АСАУОВ

Елімізде осы салада 5000-ға тарта кәсіпорын жұмыс істесе, олардың 2000-ы құрылыс өнімдерін шығарумен айналысады. Индеттің салдарынан бұл компаниялардың 30 пайызы зардап шеккен. Дегенмен мұндай келеңсіздікке жол бермеуге болар еді.

«Мемлекет салынып жатқан нысандарды сатып алып, мұқтаж азаматтарға жалға беру, болмаса бөліп төлеу арқылы сатып алуды

қарастыруы тиіс. Бұл арқылы экономиканы сақтап, әрі мұқтаж азаматтар мен бизнесті қолдау мүмкін болар еді. Бірақ ұсынысты қаперге алған ешкім жоқ. Ал індет елдегі салаға кері әсерін тигізді. Құрылысшылардың азайып, нарықтың әлсіреуі тұрғын үйлердің қымбаттауына алып келді. Алайда құрылысты тоқтатып қоюға болмайды. Сондықтан компаниялар қарызға кіріп, несие алса да, жұмысын жалғастыруға бекінді» дейді Талғат Ерғалиев.

Құрылыста отандық өнімдердің үлесін арттыру маңыздылығы әсіресе, карантин кезінде айқын байқалған. Шетелден құрылыс материалдарын тасымалдау қиындағандықтан олардың тапшылығы туындап, бағалары да күрт қымбаттап кетті. Соның салдарынан көптеген нысан уақытынан кешіктірілуде. Десе де ресми деректер елдегі тұрғын үйлерді пайдалануға беру үлесі 6,5 пайызға артқанын көрсетеді.

Жыл басынан бері жалға берілетін пәтерлердің құны 10 пайызға қымбаттады. Нарықтағы баға бойынша, Нұр-Сұлтан қаласында бір бөлмелі пәтердің құны 100 000 теңге шамасында, алайда Алматыда одан да қымбат – 120 000 теңге. Басқа қалаларда: Ақтөбеде – 60 000 теңге, Талдықорғанда да осы баға, Көкшетауда – 65 000 теңге, Өскеменде – 70 000 теңге, Шымкентте – 80 000 теңге.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛҒАН

Бас қалада тал егу, жасыл белдеуді қалыптастыру және экологиялық аумақтар құру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда елордадағы жасыл белдеу аумағында 10,2 миллионнан аса ағаш пен 1,8 миллион бұта (қарақат, мойыл, бөріжидек, көріктал) жайқала өскен.

Қалада өсімдіктерді қорғау мақсатында көшеттерді күту әрі қорғау ережелері күшейтілді. Бұрын кесілген бір ағаштың орнын толтыруға бес ағаш егілетін. Ал қазір бір ағаш кесілсе, оның орнына он ағаш отырғызылады. «Биыл 30 мың ағаш отырғызамыз. Жұмыстар елорданың барлық ауданында жүріп жатыр. Жасыл

белдеуде 330 мың жапырақты және қылқанжапырақты ағаш, 3 мыңнан аса көшетке дейін егеміз. Аулалар, саябақтар, скверлер мен бульварларды абаттандыру кезінде, құрылыс барысында аумақты көгалдандыруға ерекше мән береміз. Өсімдіктер кеуіп кетпес үшін суару жүйесін 20 пайыздан 90 пайызға дейін қал-

пына келтірдік» деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Сонымен қатар қала әкімі Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында экотуризм мәдениетін дамытуды маңызды міндет ретінде атағанына тоқтала келіп, аталған мақсатта экосаябақтар құру бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді.

ШАҒЫМ ТЕКСЕРІЛДІ

Елорданың «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесіне қала тұрғынынан М.Ғабдуллин көшесінде балалар алаңының сапасыз салынғаны туралы шағым келіп түсті. Кеңсе жетекшісі, қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департамент қызметкерлері мәселенің анық-қанығына көз жеткізу үшін аталмыш мекенжайға барды.

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Балалар алаңы құрылысына Байқоңыр ауданы әкімдігі, қаланың Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы тапсырыс берді. Аталған мекемелердің

өкілдерімен жұмысты орындаған мердігер де шақырылды. Расымен бірқатар кемшіліктер анықталды. Оларды жою және құрылыс талаптарын сақтау бойынша ескертулер беріліп, ұсыныстар айтылды.

– Ауланың абаттандырылуына,

жаңа балалар алаңы мен спорт алаңына тұрғындар риза. Тек бір тұрғын ғана жұмыс толығымен аяқталмаған деп шағымданды. Мердігер алдағы екі-үш күн ішінде кемшіліктерді жоямын деп отыр. Бұған қоса аула жарықтандырылады, – деді М.Шекенов.

КӨПІРДІҢ АСТЫНДА – ДЕМАЛЫС ОРНЫ

Урбанистика орталығында өткен кезекті қоғамдық тыңдауларда екі жоба ұсынылды. Оның бірі – Еуразия университеті маңайындағы көпірдің астынан демалыс аймағын ашу, екіншісі – Қосшығұлы мен Сейфуллин көшелерін жаңарту.

Еуразия университеті маңайындағы көпірдің астындағы демалыс орны Сарайшық көшесіндегі «Арқар» көпірінің үлгісінде жасалатын болады.

«Біз ол жерге фудкорт, баскетбол алаңын орналастырамыз. Сондай-ақ көше фитнесін ұйымдастырамыз. Оларға қоса заманауи үлгідегі әрі экологиялық таза балалардың ойын алаңын жасаймыз» деді Нұр-Сұлтан урбанистика орталығының жетекшісі Елнар Базыкен.

Тағы да бір айта кетерлігі, жаңадан жасақталатын демалыс аймағына Есілмен жүзіп жүретін паромдар да тоқтайды. Ол бұл жерге туристер мен қала тұрғындарын жеткізіп береді.

Қоғамдық тыңдауларда көпшіліктің назарына ұсынылған екінші жоба – Қосшығұлы мен Сейфуллин көшелерін қайта салу (Күмісбеков көшесінен Сарыарқа даңғылына дейін).

«Көшенің ұзындығы екі шақырымға жуық, аумағы – 20 гектар. Біз көшені кешенді тұрғыдан жобалауды қарастырдық, астананың

дизайн-кодын пайдаландық және көлік жүретін бөлігіне автобус жолағын қостық. Гротуарлар, гүл бақтары ретке келтіріліп, логистикасы ойластырылды» деді «Мұнар» компаниясының жобалаушысы, ландшафт сәулетшісі Сәния Жақулина.

Әлбетте, көше бойында орналасқан барлық балалар алаңдары мен гүл бақтары, соқпақ жолдар да түгелдей тәртіпке келтірілетін болады. Нашар көретін кісілер үшін тактиль плиталар төселеді. Сондай-ақ веложол салынады. Жасыл желек көптеп отырғызылатын болды.

«Біз балалар алаңдарындағы шағын сәулет пішіндерін түрлендіріп, олардың неғұрлым табиғи, экологиялық және көрер көзге сүйкімді болғанын қалаймыз. Сондай-ақ перголдарды (аспа-авт.) әткеншек ретінде пайдалануға қолайлы етіп жасаймыз және фуд-модульдер орналастырамыз. Демалушылар ол жерлерде тамақтана алады» деп түсіндірді Сәния Жақулина.



ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЙНАРЫ

Жолдаумен танысқан тұстан-ақ айқын аңғарылғаны, жер-жаһанға қауіп төндірген – індеттің алыс-жақынға жылдам тарап, кең өріс алғаны зардап-зияны да өлшеусіз екендігіне ерекше мән беріледі. Пандемияға қарсы күрес жалғасып жатқандығына жіті назар аударылады. Адамзат өмірі мен денсаулығына орасан зиян келтіргені, адам өлімі орын алғандығы бірқатар мысал-дерек, талдау, салыстырулар арқылы кеңінен көрсетіледі. Індет ілмегі мен пандемия қарсылық жолында бірлік пен ынтымақты арттырып, отан мен отбасына адалдық пен сүйіспеншілікті, патриоттық рухты күшейтіп, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтып, сақтық шараларына сергек қарау қажеттілігі кең орын алады. «Сақтансаң – сақтаймын!» халық қағидатына зор маңыз беріледі.

Бұдан басқа Ұлт жоспары, Бес институттық реформа мәні, мемлекеттік басқару, кадр саясаты, жұмыс орны мен халық табысы негізгі назарға алынады. Адами капитал, Жер кодексі, шағын және орта бизнесті қолдау, ауыл шаруашылығын бәсекеге қабілетті экономикаға негіздеу, қаржы нарығын реттеу, баспана мен отбасылық-демографиялық ахуалды жақсарту сынды басым бағыттарға көңіл бөлініп, оны жүзеге асыру тетіктері, шешуші факторлары ортақ мақсат пен міндеттер қатарына жатқызылады. Бұл бағыттағы ұстаным: «Экономикалық реформалар азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасының жоғары стандартын қамтамасыз еткенде ғана өзін-өзі ақтап, қолдауға ие болады» деп тиянақты

тұжырым жасалады.

Жолдаудың «Қолжетімді әрі сапалы білім» атты бөлігінде – мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшкендігі, оны ұйымдастыру мен жүзеге асыру бағытындағы орын алған кемшіліктерге мән беріледі. Анығында: «...әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ... Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірінші онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деген нақты міндеттер қойылады. Жасыратыны жоқ, БАҚ жүйесінде, әлеуметтік желілерде күлкілі һәм көңілсіз көріністер орын алғанын, мың сан әңгіме қалың көпшіліктің аузында жүргенін теріске шығару қиын. Жарық пен интернеттің жоқтығы, байланыс



жүйесінің тым әлсіздігі мен нашарлығы – қашықтан оқуға, сапалы білім алу ісіне кері әсерін тигізіп келеді. Ауыл мен қала мектептері арасындағы білім беру саласындағы алшақтық әлі де сақталып келеді. Бұл ретте маңыздысы: «...Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деген тұжырым қонымды. Ақиқаты осылай болғанымен, қолданыстағы білім платформалары көпшіліктің, әсіресе орта және жоғары мектеп ұжымының, оқушылар мен студенттердің көңілінен шығып жатқан жоқ. Қолжетімді құрылғылар мен байланыс құралдары әлсіз де сапасыз. Күрделілік пен компьютерлік сауаттылық та жығылғанға жұдырық болып тұр. Бастысы, алыс-жақын дағы білім алушыларға

жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз ету ісі дұрыс жолға қойылса, білім беру ресурстарын пайдалану барысында ыялы байланысқа кең өріс ашылса қашықтан оқыту форматы жүзеге асары анық.

Ғылым саласын дамытуға қатысты бірқатар жайттар айтылып, осының негізінде халықаралық тәжірибеге, жаңа тәсіл, тың көзқарастарға маңыз беріледі. Әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында – 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету, «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізуге – 1000 грант бөлу ісі тапсырылып, осының нәтижесінде ұлттық ғылымның әлеуетін арттыру, маңызын көтеру жайы қозғалады.

Сонымен бірге денсаулық саласын дамыту, дәрігер

мамандығын материалдық тұрғыдан нығайту, медициналық инфрақұрылымды арттыру, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық туризм мәдениетін қалыптастыру, азаматтардың мүддесіне қызмет ететін мемлекеттің жаңа стандарттарын дайындау, «әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы, «жұртқа жақын полиция» қағидаты, әділ сот төрелігі, қоғамдық кеңестердің орны мен ролі, цифрландыру жүйесін жүзеге асыру бағытында маңызды ойлар айтылады.

«Ұлттың жаңа болмысы» атты бөлікте маңызды фактор ретіндегі басты ұстаным – ұлт сапасын арттыруға көп көңіл бөлінеді. Бұл бағытта – жаңарған ұлт – жаңғырған елдің жаңалық, жетістігін танытатыны назарға алынады. Өмір ағыны қоғамдық

құбылыстармен бірге адамды да жаңа бағыт, тың өзгерістерге бастайтыны, оның өзі үлгі тұтарлық сапалы қасиеттерге мол болуы қажеттілігі алға тартылады. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасы көзқарастары негізгі назарға алынады. Бұл ретте терең білім, ерен еңбек, кәсіби дағды, тәртіп пен жауапкершілік, әділдік принциптері еске алынады. Ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру, ұлт сапасын арттыру, жат әдеттерден арылу – ел болашағының басты мұраты екендігі көрсетіледі. Керісінше даңғазалық пен ысырапшылдық, жауапсыздық пен немқұрайдылық, бәспелік пен мақтаншақтық – қоғамның дамуын тежеп, кері әсер ететіні көкейкесті мәселе ретінде кеңінен қозғалады. Түйінді тұста: «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» деген тиянақты тұжырым жасалады. Бұдан байқалатыны, ұлт сапасы – адам мен оның өмірі, еңбегі мен ұнамды қасиеттері, тарих пен дәстүрге адалдығы, кеше мен бүгін сабақтастығын жүйелі жалғастыру болып табылады. Ұлт мұраты мен мерейін асқақтататын құндылықтар қайнары да осыған саяды.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы, профессор

СБЕРБАНКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ҚЫЗМЕТІ – РЕСЕЙГЕ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ БОЙЫНША АҚША АУДАРУ

Қыркүйекте Сбербанк Қазақстан ақша аударымдары нарығында «Ресейге телефон нөмірі бойынша аударымдар» деген эксклюзивті ұсынысты ұсынды.

Қазақстанда алғаш рет алушының телефон нөмірін ғана біле отырып, көрші елге Ресей Сбербанкінің картасына ақша аударуға болады. Жаңа қызмет Ресей Федерациясында тұратын жақын адамдарыңызға, туыстарыңызға немесе достарыңызға ақшаны ыңғайлы, жылдам, кезекке тұрмай және қауіпсіз жіберуге мүмкіндік береді.

Сбербанктен «Телефон нөмірі бойынша аударымдар» – бұл қосымша құжаттарсыз және жоғары комиссияларды төлемей, Ресей Федерациясының кез-келген аймағына ақша жіберудің ерекше мүмкіндігі. Қызмет Сбербанк Онлайн Қазақстан мобильді қосымшасында қолжетімді. «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Елдар Тенизбаев екі елдің тұрғындары бағалайтын, телефон нөмірі бойынша тиімді ақша аударымдарының жаңа жүйесі туралы айтып берді.

«Телефон нөмірі бойынша аударымдар» – шын мәнінде Қазақстандағы ақша аударымдары нарығындағы эксклюзивті ұсыныс. Алғаш рет біздің клиенттеріміз телефон нөмірі бойынша тәуліктің кез келген

уақытында және Ресейдің кез келген өңіріне қолма-қол ақшасыз ақша жібере алады. Бұл ретте үйден шығу керек емес және ең төменгі бағамен. Сбербанк Онлайн Қазақстан мобильді қосымшасында көптеген банк операцияларын жасауға болады, соның ішінде Қазақстан бойынша телефон нөмірі бойынша жылдам ақша аударымын, ал Ресей Федерациясына телефон нөмірі бойынша халықаралық ақша аударымының осындай функциясын біз еліміздің нарығында алғаш рет енгізіп отырмыз.

Телефон нөмірі бойынша ақша аударымдары – ақшаны тез және арзан жібергісі келетіндер үшін ең үздік шешім.

- Телефон нөмірі бойынша
- Жеңіл және жылдам рәсімдеу
- Аударым үшін ең төменгі комиссия (бар болғаны сомдан 0,95%)
- Аударымның ең аз сомасы 1 ресей рубльі, ең жоғары сомасы 150 000 ресей рубльі
- Аударым қауіпсіздігі

Аударымды кім рәсімдей алады?

Қазақстанның кез келген тұрғыны ақшаны жібере алады. Ол үшін Сбербанк Онлайн Қазақстан мобильді қосымшасын жүктеу және Сбербанктің клиенті болу үшін қысқаша верификациядан өту қажет.

Сбербанктен «Телефон нөмірі бойынша аударымдарды» қалай рәсімдеуге болады?

Телефон нөмірі бойынша ақша аудару процесі өте қарапайым және ыңғайлы. Ол үшін интернетке шығатын смартфон және ақша алушының телефон нөмірі қажет. Сбербанк Онлайн Қазақстан мобильді қосымшасында «Аударымдар» функциясын таңдайсыз – Ресейдегі алушының ұялы телефон нөмірін және аударым сомасын енгізесіз.

Жіберуші адресаттың атын және соманы растағаннан кейін ақша Ресей Сбербанкінің клиент шотында болады. Аударым сомасы және аударым үшін комиссия туралы ақпарат телефон экранында көрсетіледі.

Сәтті аударым туралы хабарлама SMS арқылы алынады.

Сонымен қатар бұл функция егер оларға сізге, Қазақстанға ақша жіберу қажет болса, Ресей Сбербанкі клиенттерінің аударымдарына да қолданылады.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма төрағасының сөзінше, «Телефон нөмірі бойынша аударымдар» ақша аударымдары жүйесі – бұл бірінші кезекте біздің клиенттеріміз үшін қауіпсіз, тиімді, ыңғайлы және жылдам шешім.

«Әрине, бұл аударымдар Ресей Федерациясында оқитын студенттерге, іскери серіктестерге, тез арада қаржылық қолдауды қажет ететін достарыңызға немесе жақын адамдарыңызға ақша жіберу үшін ыңғайлы болады. Біздің

клиенттеріміз Сбербанктің «Телефон нөмірі бойынша аударымдар» жаңа жылдам ақша аударымдары жүйесінің ыңғайлылығы мен тиімділігін бағалайтынына сенімдімін.

Сонымен қатар Сбербанк Қазақстан өз клиенттеріне Тәжікстан мен Қырғызстанға өздерінің «Сбербанк Онлайн Қазақстан» мобильді қосымшасы арқылы жылдам ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндігін ұсынды. Жақындарыңызға Тәжікстан мен Қырғызстанға ақша жіберу енді банкке баруды қажет етпейді, ол үшін «Сбербанк Онлайн Қазақстан» өз смартфонңызға жүктеп алу жеткілікті. Қыркүйек айында «Сбербанк Онлайн Қазақстан» арқылы

Өзбекстанға ақша аударымдарын іске қосу жоспарланған.

Толығырақ ақпаратты Сбербанк Қазақстан сайтынан (сілтеме), Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасынан немесе ұялы телефоннан 5030 нөміріне қоңырау шалу арқылы білуге болады.

Естеріңізге сала кетейік, орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан Сбербанк Қазақстан жарғылық капиталының мөлшері бойынша Қазақстан Республикасының ірі банктерінің үштігіне кіреді, 100 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, еліміздің әрбір ірі қаласында орналасқан, Ресей Сбербанкінің еншілес банкі болып табылады.



БЕДЕУЛІККЕ БАСТЫ СЕБЕП – ЖАСАНДЫ ОРТАДА ӨМІР СҮРУІМІЗ

– Қолдан ұрықтандыруға жүгінуге мәжбүр болатындай елімізде бедеу жұбайлар неге көбейіп кетті? Нашар экология ма, құнарсыз тамақ па, адамның өз денсаулығына дұрыс мән бермеуі себеп пе?

– Жалпы бұл мәселе тек біздің елге ғана тән емес, бұл бүгінде бар әлемнің проблемасына айналып, бедеулік кеңінен тарап отыр. Оның себебі – адамзат қазір жасанды ортада өмір сүреді. Бұрын біздің ата-бабаларымыз, тіпті біздің буын да кеңес дәуірінде біраз уақыт болса да табиғи ортада тіршілік еттік, яғни табиғи таза тағам жеп, таза мақтадан киім кидік. Ал қазір не? Жасанды тамақ, ластанған ауа, химия араласқан киімдер, тұрмыста радиация бөлетін құрылғылардың көбеюі, ұшақпен көп ұшу, рентген сәулесі бар тексерулер, яғни, технологияның дамуының теріс жағы да болып отыр. Осының бәрі біздің өмір сүру салтымызды өзгертіп жатыр. Оның үстіне интернетке тәуелді боп, тәулік бойы қолымыздан, қалтамыздан ұялы телефондардың түспеуі де жақсы емес. Телефонды қазір біздің денеміздің бір мүшесі сияқты жанымыздан тастамайтын болғанбыз.

– Тек осы ғана ма себебі? Басқа қандай факторлар әсер етуі мүмкін?

– Әрине, тек ол емес. Әлеуметтік бедеулік деген бар. Яғни, жастай үйленбей, 30 жастан асқаннан кейін отбасын құрып, қырыққа таман балалы болғысы келетіндер көбейді. Оған дейін жұмыстарын істеп, мансап жолын қуады, жағдай жасап аламын деп уақытын кетіреді. Одан бөлек қабыну процестері де бедеулік мәселесінде өткір тұр. Себебі бұл еркекті де, әйелді де ұрпақсыздыққа алып келеді. Өйткені ол – инфекциялық фактор. Бұл ер мен әйел ұрығы сапасының төмендеуіне, ұрық жүру жолдарының бітеліп қалуына немесе функциясының бұзылуына әкеледі. Ең негізгі факторлар – осылар.

– Бұған дейін елімізде осы бағытта аз квота бөлініп келіпті, мысалы, биылғы жылға 1000 квотадай бөлінген. Кеше мемлекет басшысы Жолдауында бала таба алмай жүрген отбасыларға қалай көмек көрсетілетінін, ЭКО бағдарламалары арқылы квота саны 7 есе көбейтілетінін айтты. Бұл елдегі сұранысты толық қанағаттандыра ала ма?

– Бұл айтылған 7 мың квотаның өзі бәріне бірдей жетеді деп айта алмаймын. Республикада қанша әйел бедеулік диагнозымен есеп-

Баяғыда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты. Осылай басталатын ертегілерде кер бие етін жеген әйел дереу жүкті болып, туған баласы жылдап, айлап емес, әр сәт сайын өсіп, ержетеді. Алайда мұндай ғажайып шынайы өмірде болмайтындықтан өткен ғасырдың 70-жылдары адамзат баласы экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭҚҰ) әдісін ойлап тапты. Қазір дүние жүзінде осы әдіспен туған 8 миллионнан астам бала бар. Ал оның Қазақстанға келгеніне биыл 25 жыл толады. Бүгінде мемлекет деңгейінде назар аударылып отырған әдісті қолдануды елімізде ең бірінші бастаған эмбриолог-репродуктолог дәрігер Салтанат Байқошқарова болатын. Биылғы Жолдауында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ЭҚҰ бағдарламалары арқылы квота саны 7 мыңға дейін көбейтілетінін айтты. Осы орайда Президент жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, «Экомед» клиникалар желісінің ғылыми директоры Салтанат БЕРДЕНҚЫЗЫМЕН арнайы хабарласып, сұхбаттасқан едік.

те тұрғанын нақты айту мүмкін емес, оның өз себептері бар. Келесі жылы іске қосылатын «Аңсаған сәби» бағдарламасына жасанды жолмен ұрықтандыру арқылы бала сүюге үмітті жұптар медициналық іріктеуден кейін қатыса алады. Қазіргі кезекте тұрған азаматтардың біразына, мүмкін 60-70 пайызына берілетін квоталардың көмегі тиеді. Бедеулік мәселесімен айналысқанға 32 жыл болыпты. Біз көбіне ақылы түрде қызмет көрсеттік. 2010 жылдан бастап мемлекетіміз 100 квотадан бастаса, биыл 1 мыңнан сәл асатын квотаға қол жеткіздік. Соған да қуанатынбыз. Бірақ Президент Жолдауындағы шешім біз үшін үлкен қуаныш болды. Өйткені, бізге келетін адамдардың барлығы бірдей ЭҚҰ жасауға ақша таба алмайды. Сондықтан бұл үлкен көмек және пациенттеріміздің барлығы қуанып жатыр. Күтпеген жағдай болды. Біз көп болса 2 есе көбейтер деп ойлаған едік.

– Бір сөзіңізде Қазақстанда бедеулігі бар адамдардың тізілімін жасау қажет депсіз...

– Иә, бүгінде біз елімізде қанша бедеу әйел мен белсіз ер адамның бар екенін анық білмейміз. Өйткені бедеулік жанға батып, өмірге қауіп төндіретін ауру емес. Сол себепті пациенттер жылдап емделіп, әр дәрігерге бір барып, әр жерге бір көрініп жүреді. Сондықтан оларды тіркеу мүмкін емес. Алдағы уақытта цифрлық технологиялардың көмегімен денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс жасай отыра олардың нақты санын білу үшін бедеуліктің регистрін жасауды қолға алу керек. Яғни, олар қай жерге қаралса да, бәрін ортақ бір базада тіркеп, көріп отыратындай жағдай жасау қажет. Себебі елімізде қанша бедеу адам бар екенін нақты білмесек, бұл бағыттағы жұмыстарымызды жүйелі жоспарлай да алмаймыз. Мұның бәрі – уақыттың еншісіндегі нәрсе.

Біз әзірге дүниежүзілік жалпы статистикаға ғана сүйенеміз. Қазір Қазақстанда шамамен жаңадан шаңырақ көтергендердің 15-20%-ы бедеулік мәселесіне ұшырайды. Сонда болжаммен алғанда әрбір бесінші немесе алтыншы отбасы перзентке зар болып жүр деген сөз.

– Денеден тыс ұрықтандыру бағдарламасының құны қанша тұрады? Алғашқы талпынысы нәтиже бермеген жұптардың тағдыры не болады?

– Әрбір квотаға мемлекет тарапынан 1 млн теңгедей ақша бөлінеді. Оның жартысы технологияға, қалған жартысы дәрі-дәрмекке жұмсалады. Мемлекет те босқа шашылмас үшін бізден нәтижелі топтарды таңдауды талап етеді. Олар – аналық ұрығы бар әйел мен аталық ұрығы бар ер адам. Яғни біз маман ретінде алдын ала болжам жасап, қай отбасының қандай мүмкіндігі бар екенін зерттейміз. Әбден көз жеткізген соң ғана сол жұптарды квота бөлінетіндер қатарына қосамыз. Ал нәтижелілігі төмен топтарға болашақта әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы көмектесуге болады. Оған ер адам жарна төлейді. Яғни осы жүйе арқылы жылына бір рет ЭҚҰ қызметін алуға мүмкіндік жасалуы тиіс. Салымшы ретінде кез келген адамның қорға салған ақшасын пайдалануға құқығы бар.

– Қазір Қазақстанда осы іспен айналысатын жиырмадан астам орталық бар екен. Сол орталықтардағы қызмет сапасы қандай деңгейде?

– Біздің елде ЭҚҰ жасаудың барлық мүмкіндіктері бар. ЭҚҰ бағдарламасы елімізде 2010 жылдан бастап медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне қосылған. Бүгінде елімізде 26 ЭҚҰ орталық тіркелген. Оның 21-і жекеменшік саналады. Қазіргі уақытта осы әдіспен 22 мыңнан астам бала дүниеге келді.



Біздің елде ЭҚҰ жасаудың барлық мүмкіндіктері бар. ЭҚҰ бағдарламасы елімізде 2010 жылдан бастап медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне қосылған. Бүгінде елімізде 26 ЭҚҰ орталық тіркелген. Оның 21-і жекеменшік саналады. Қазіргі уақытта осы әдіспен 22 мыңнан астам бала дүниеге келді. Алайда тіркелген орталықтардың бәрі бірдей жұмыс істеп тұрған жоқ

Алайда тіркелген орталықтардың бәрі бірдей жұмыс істеп тұрған жоқ. Ішінде ірілері ғана қарқынды жұмыс істейді. Олар өте жақсы жабдықталған. Тарихы да бай және жасап жатқан жұмыстары да жоғары деңгейде. Олай дейтініміз, аталған орталықтарға шетел азаматтары да жиі келеді. Біздің «Экомед» орталығы солардың қатарында, 25 жылдық тарихымыз бар, бірнеше қалада филиалдарымыз ашылған. Келген пациенттеріміздің тез арада бала көтеріп, сәби сүюіне жағдай жасауға мүмкіндіктеріміз жетеді.

– Дегенмен осындай орталықтар жұмысында кездесетін қандай да бір мәселе немесе кедергілер бар шығар?

– Кедергілер көбіне сол квота және сақтандыру жүйесімен жұмыс істеу барысында болады. Біздің елімізде квоталар 10 жыл бұрын беріле бастады ғой. Сол кезде жазылған ДСМ-нің бұйрықтары, хаттамалар, технологиялар қазір ескірді. Сондықтан біз арнайы жұмыс тобының мамандары министрлікпен бірлесіп, құжаттарға өзгерістер енгіземіз. Себебі жылдан жылға саладағы технологиялар дамып, өзгеріп келеді. Мәселен, стимуляция, гормондық дәрілер, эмбриологиялық технологиялар түрлері де қазір басқаша. Сол жаңалықтардың бәрін квота бөлу және сақтандыру жүйесіндегі құжаттарға енгізу керек. Соңғы технологиямен жұмыс істесек, нәтижелілік деңгейі қазіргі 30-40 пайыздан да жоғары көтерілер еді. Бұл – өте үлкен мүмкіндік. Одан басқа көп орталықтарда заманауи білімді кадр жетіспеушілігі мәселесі де бар. Кейбір орталықтарда жоғары технологиялармен жабдықтауға қаражат жетпей жатады, әсіресе мұндай мәселе мемлекеттік орталықтарда жиі кездеседі. Тағы бір қызық, мамандар түсінбейтін жәйтті айту керек. Квотаға кезекке тұрғандар көп, 4-5 жыл кезек күтеді дейміз. Бірақ квота алған орталықтар әр облысқа бір телефон соғып, кезекте тұрғандарды бізге жіберіңіздер деумен болады. Сөйтпін квотаның жоғары орында алмай жатқан орталықтар бар. Және қысқа ғана уақыт, тіптен 2-3 ай ғана кезекте тұрғандар келгенде таң қаласын, қандай жолмен келді екен деп, өйткені көпшілік ұзақ уақыт кезекте тұрып квотаға жете алмайды. Сондықтан квотаға тұрғандардың кезегі тек электрондық жүйе арқылы тіркелу керек, әр жұп өзінің кезегін анық бақылап отыру үшін. Қағазға тіркелген кезекте әртүрлі бұзушылықтар болуы мүмкін. Сосын квота бөлгенде заң жағынан кедергі келтіретін мәселе, қазір азаматтық некедегі жұптардың да бізге жиі келетіндігі. Ал квота тек ресми заңдастырылған некелі жұптарға ғана берілетіндіктен, олар өз реніштерін де білдіріп жатады.

– Тәжірибеңізде өз қолыңызбен және орталығыңыз бойынша қанша баланың жарық дүниені көруіне септік еттіңіз? Олардың жағдайын үнемі бақылап отырасыз ба? Шамамен жастары қазір 20 жасқа жетіп қалған шығар?

– Алғашқыда кішкентай ғана лаборатория болып 2-3 маман ғана жұмыс бастадық, көп жылдар бойы жүздеген мамандар дайындап, оншақты орталық аштық. Біздің еліміздің орталықтарының басым көпшілігінде біз дайындаған мамандар жұмыс атқарады. Осы ширек ғасырда біздің орталықтарда 12 мыңнан астам бала дүниеге келді. Алғашқы баламыз 24 жастан асты. Туылған балаларды жергілікті балалар дәрігерлері бақылайды, олардың денсаулығы табиғи жолмен келген балалардан айырмашылығы жоқ. Біз перзентке зар болған әр отбасыға адами тұрғыдан шынайы жанымыз ашып жоғары медициналық деңгейде көмектесуге әрқашан дайынбыз және әрбір дүниеге келген сәбиге себепші болғанымызға өте қуанамыз.

– Рахмет! Игілікті ісіңіз алға баса берсін!

**Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА**

ANTI-KOR ORTALYĞY-нда – ОНЛАЙН СҰХБАТ

«Protecting Business and Investments» жобасы аясында «BK TESLA» ЖШС директорының орынбасарлары Нұрлан Боранбаев, Айдена Жарилканова және Департамент басшысының бірінші орынбасары Жазира Жылқышиеваның қатысуымен онлайн сұхбат өткізілді.

Іс-шарада бизнес пен инвестицияларды сыбайлас жемқорлықтан қорғау мәселелері талқыланды. Жазира Жылқышиева Агенттіктің бастамасымен «Protecting Business and Investments» жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Эфир барысында Нұрлан Боранбаев «BK TESLA» ЖШС-мен жүзеге асырылып жатқан жаңа бастамалармен таныстырды. Оның айтуынша Нұр-Сұлтан қаласында «BK Tesla Park көпфункционалды тұрғын үй кешенінің құрылысы» жобасы аясында «Астана» ӘКК» АҚ мен «BK TESLA» ЖШС арасында екіжақты меморандумға қол қойылған.

Келісімнің негізгі мақсаты – «BK Tesla Park» көпфункционалды тұрғын үй құрылысы» жобасын іске асыру мақсатында ынтымақтастықты құру және дамыту. Тұрғын үй кешенінің ауданы 61 гектарды



құрайды. Ол Тельман шағын ауданында орналасады. Жоспарланған құрылыс кезеңі – 2018-2023 жылдар. Инвестициялар көлемі 160 миллиард теңгеден асады.

Одан басқа, тікелей эфирде Жоба аясында кәсіпкерлер тарапынан мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне

қатысты өтініштер келіп түсіп, олардың құқықтары толығымен қорғалғандығы айтылды. Спикерлер елордадағы инвесторлар мен бизнес субъектілерінің қызметін «Protecting Business and Investments» жобасы аясында сыбайлас жемқорлықтан таза және ашық жүзеге асыруға шақырды.

АЛАЯҚ АЛЫСТАН НЕСИЕ РӘСІМДЕГЕН

Полиция қызметкерлері ұзақ уақыт бойы елорда тұрғындарына интернет-ресурс арқылы онлайн несие рәсімдеп жүрген 40 жастағы азаматты ұстады.



Алаяқ жалған жолмен қаржы ұйымдарынан елорда тұрғындарының жеке мәліметтерін алып, онлайн қарыз рәсімдеп отырған. Ол жеке мәліметтерді пайдалана отырып зардап шеккендердің тіркеу жазбасына қол жеткізіп, кейін несие ретінде түскен ақшаны виртуалды карта және электронды әмиян арқылы шығарып алып отырған. Осылайша тұрғындардың атына өздері білмеген несие тіркеле берген. Қазіргі уақытта алаяқтың әрекетінен 50-ге

жуық тұрғынның зардап шеккені анықталды. Полиция қызметкерлері тергеу барысында оның IP-мекенжайын анықтап, тұтқындады. Қылмыскер тергеу изоляторына жабылды. Оған қатысты ҚР ҚК 190-бабы (ақпараттық жүйені пайдаланушыға қатысты алаяқтық) бойынша қылмыстық іс тергеліп жатыр. Тұлға алаяқтық үшін бірнеше рет сотталған. Соңғы рет ол екі жыл бұрын қамауға алынып, екі жылға бас бостандығынан айырылған болатын.

МАЛ ИЕСІ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Үркер ауылында тұратын Әсет Биғалиев есімді Facebook қолданушысы үйінің маңына ылғи Қараөткел ауылынан сиыр түсіп, баптап өсірілген көк шөпті жеп, маңайды былғап кететінін жазған еді. Жазба авторы осы шағыммен қызықты видео да қалдырып, «iKotek» қызметінен көмек сұраған болатын.

Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті малдың иесіз жайылу фактісіне байланысты шара қабылданғанын хабарлады. «Нұр-Сұлтан қаласының Есіл аудандық ПД жергілікті полиция қызметінің табиғат қорғаушы сақшылары Шығыс Ильинка ауылының Доспамбет көшесінде 8 бас сиырдың

иесіз жайылып жүргенін анықтады. Жедел шаралардың арқасында ол малдың иесі табылды. Ол Әкімшілік кодекстің 408-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 3 АЕК көлемінде айыппұл салынды» деп хабарлайды полиция департаментінен.

«Қарасора-2020» жедел-профилактикалық шарасы аясында елорда полицейлері аса ірі көлемде есірткі өткізетін 43 жастағы тұрғынды қолға түсірді.

14 КЕЛІ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ

Белгісіз адамның есірткіні сақтап, сатумен айналысатыны туралы жедел хабар алғаннан кейін полицейлер есірткі курьерін ұстау операциясын жеке секторлардың бірінде өткізді. Полицейлер жедел-ізвестіру шарасын жүргізіп, бұрын да аса ірі көлемдегі есірткіні сақтап, өткізгені үшін бірнеше рет сотталған 1977 жылғы елорда тұрғынының га-
ражынан 14 келіден асатын «гашиш» тапты. Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің баспасөз қызметінің мәліметінше, тәркіленген есірткі партиясының қара нарықтағы құны 9 млн теңгеден асады. Одан 28 мың доза шығаруға болады. Сонымен қатар, есірткі өткізушіден өлшеуге арналған таразы, 2 млн 243 мың теңге мен пневматика тапанша тәркіленді.



15 ЛЮКТИ ҰРЛАП, ПАЙДА КӨРГЕН

Полиция елорда аумағында шойын люктерді ұрлаумен айналысып жүрген адамдарды қолға түсірді.

Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, күдіктілер 23 жастағы Солтүстік Қазақстан облысының тумасы мен оның 20 жастағы танысының (Қостанай облысының тұрғыны) 1 қыркүйектен бері 15 люкті ұрлағаны анықталды. Жігіттер түнде «BMW» автокөлігімен индустриялық саябақ маңына келіп, қақпақтарды алып кетіп отырған. Қылмыскерлер мініп жүрген көлік бейнетаспаға жазылып қалған. Автокөліктің иесі анықталып, полиция бөлімшесіне жеткізілді. Жігіттер ұрланған кәріз қақпақтарын Лесозавод ауданындағы темір қабылдайтын пунктке өткізгені белгілі болды. Полицейлер ұрланған 15 люкті тәркіледі. Сатып алушыны әкімшілік жауапкершілікке тарту және оны «ұрланған затты сатып алушы» ретінде есепке алу мәселесі қарастырылып, оның әрекетінің заңдылығы тексеріліп жатыр. Қазіргі уақытта ҚР ҚК 188-бабы (Ұрлық) бойынша тергеу басталды. Күдіктілердің осы секілді басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоқ екені тексеріліп жатыр.

ЗАҢҒЕР КЕҢЕСІ

© Бетті дайындаған Жадыра ШАМУРАТОВА



Оқырмандар сауалдарына «Elorda Aqparat» ЖШС заңгері Әсет ҚАЙЫРХАН жауап береді.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын несие алып, «Садовье кварталы» ТК үлескерлік құрылысына екі бөлмелі пәтерге ақша салып едік. Бірақ әлі күнге күтіп отырмыз, құрылыс созылып кетті. Азғантай айлыққа пәтер жалдап, несие төлеп, әрі күтуден, уайымнан шаршадық. Өзім екі баланың анасымын, балабақшада тәрбиешісі болып жұмыс

– Құрылыс салушының үлестік құрылыс туралы заңнаманы бұзған жағдайда сізге айыппұл төлеуге міндетті. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылыс салушы акционерге келісімшарт бойынша кешіктірілген әр күн үшін тарап төлеген соманың пайызын (келісімшартта көрсетілген) төлеуге тиісті. Тараптар келіскен мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеу туралы заң бұзушымен сотқа дейінгі келісім жасай аласыз.

Егер мәселені ымырамен шешу мүмкін болмаса, сотқа талап арыз беріледі. Ол үшін өзіңіз туралы ақпарат және байланыс деректері; екінші тарап туралы ақпарат; шарт талаптарын бұзу мерзімі; тұрақсыздық айыбының есептелген сомасы және меншікті капиталға қатысу шартын қайтару арқылы бұзу талабы; сіздің ісіңізді растайтын ережелерге сілтемелер; үлестік қатысу шартының көшірмесі,

сіз салған ақшаны растайтын дәлелдемелер керек болады.

Ұйым белгіленген мерзімдерді сақтаса да, барлық қажетті лицензияларға ие болса да, тарап сізге мүлік туралы дұрыс емес немесе толық емес ақпарат берген болса, сіз келісімді бұзу туралы сотқа жүгіне аласыз. Осылайша, сотқа дейін де, сотта да үлестік қатысу келісімі кешіктірілген жағдайда ақшаны қайтаруға болады.

СЫЗДЫҚ СҰЛТАН НЕГЕ ТАСАДА ҚАЛДЫ?

Мемлекет және қоғам қайраткері Қасым ТӘУКЕНОВТІң газетімізде жарияланған «Тегімізге жат әулекілік жарға апарып соқтырып жүрмесін» деген мақаласында Сыздық төре туралы мынадай тамаша пікірі елорда зиялылары мен жалпы жұртшылықты ойға қалдырғандай.

«Ал мына егеменді ел болғанда, бүкіл қазақ халқы болып, ұлы перзентіміз елі үшін еңіреген Сыздық сұлтан-ды (кейде Садық-Сыздық деп те атайды) (1839-1910) неге құрмет көрсетіп, еске алып, аруағына тағзым етпейміз? Даңғойлана, еліре, желікбаста-на оны білгіміз де келмей-тіндей. Сыздықтың (Садық, Сыздық) не жазығы бар еді? Ол жалғыз ғана қазақ елінің бостандығы үшін күресіп қана қоймай, бүкіл Орта Азия халықтарының, Шығыс Түркістанның бостандығы үшін Ресей империясының әскерлерімен соғысып, жан алып, жан беріскен ардақтымыз. Сыздық сұлтанның өжеттігі, қолбасшылығы жөнінде академик В. В. Бартольд (1869-1930) еңбегінде егжей-тегжейлі жазып, әкесі Кенесарыдан артық болмаса, кем емес екендігін әсерлі берген. Ал Б. Умиряев болса, Сыздықтың қайсарлығы Тадеуш Костюшкаға (1746-1817) пара-пар, әскери таланты Дж. Гарибальдиға (1807-1882) ұқсайтындығы жөнінде жазады.

Осындайда айтпаса, сөздің атасы өледі дегендей, ұлтымыздың ұлы перзенті Сыздық сұлтанды санамыздан өшіріп – ұмыттыру, әкесі Кенесарыға зәулім ескерткіш орнаттық, жер-жерде көше аттарын бердік, «бір басқа бір көз жеткілікті» дегеннің керін келтірген, бақай есепке салынған сұмбайы түріміз бе?»

Расында да, елге белгілі, беделді ақсақал ойда жүрген тағы бір өзекті мәселенің бетін ашты. Ол кешегі өткен Әлихан Бөкейхан оның алдындағы қазақ елін билеген төрелер тарихының жан-жақты зерттеліп, қазақ хандығының алтын дінгектерінің мұрасы ұлықталмай келе жатқан кемдігіміз еді. Осы ретте көрші ресейліктердің Романовтар әулетін егжей-тегжейлі зерттеп, ине-жібіне дейін түгендеген тірліктеріне лайықты бағамызды беріп, қызығамыз да. Өткенін қастерлейтін бұл дәстүрге сүйенген Қасым Тәуекеновтің Сыздық сұлтан туралы айтқан пікірі елордамызда төрелер институтын зерттейтін орталық ашылуының қажеттілігін тағы еске салды. Бұл ойымызды осы саланың мамандары да құптайды деген ойдамыз.

Ендігі арман – ұлтымыздың ұлық перзентінің тұлғасын сомдап Есілдің екінші жағалауына орнатып, Хан Кененің қатарында орнын тапса екен дейміз.

Осыдан біраз уақыт бұрын газет қоржынына келіп түскен шымкенттік суретші-зерттеуші Ералы Оспанұлының мақаласы Сыздық сұлтанның тағы бір қырын ашып, ғұмырының бір үзігінен сыр шертетін себепті оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Майлықожа жырларында есімдері аталатын, көпшілікке белгілі болған үш атақты замандасының ішінде ең танымалы, заманында даңқы жер жарғаны атақты Сыздық сұлтан екендігі дау тудырмайды. Мысалы, оның есімін ақын нағашысы Мәделіқожаның қартайып, денсаулығы сыр беріп, оның үстіне екі жаужүрек інісі Кенжехан мен Улиханлар дүниеден озып, көңілі құлази бастаған шағында келіп көңілін сұраған өлеңінде:

Сыздық, Назар, Момынбек
Сырлас едің бетер соңы боп
Солармен қатар құрбы елің, –
деп атап өтеді.

Сыздық сұлтанның жауынгерлік өнерін, қас батырлығын досы да, жауы да мойындағаны белгілі. Оған «Кенесары и Садық» кітабының кіріспе сөзін жазған орыс тарихшысы Е. Т. Смирновтың «последний боец за независимость киргизского народа» деп берген бағасының өзі-ақ қайда жатыр десеңші?! Сыздық сұлтанның Қазақстанның күнгейін орыс отаршыларынан қорғаймын, кәпірлерге бермеймін деп жауға қарсы жортқанында атының тұяғы тимеген жер қалмады десе болады. Ақыры туған елі түгелімен Ресей империясына бодан болғанында қайсар төре Орта Азияның үш хандығы – Қоқан, Бұқар, Қиуа мемлекеттері жағында күресін жалғастырып, олар да орыстарға тәуелді болған соң, Қашғарға өтіп кетіп, бұл елді қытай әскерлері алған соң ғана барып 17 жыл қылышын қынына салмаған сұлтанның рухы біршама басылып, ата жауынан кешірім алып, қалған өмірін Шымкент маңындағы Ханқорған деген жерде өткізеді. Өмірінде бар көргені соғыс болып, дүние-малға қызықпаған Сыздық төрені жұрт құшақ жая қарсы алып алдына мал салып беріп, ол соның есебінен күнін көреді. Осы кездері

оған «Повинную голову не секут, не рубят. Великий Государь прощает твою прежнюю вину. Мы тоже прощаем. Живи в наих владениях, где пожелаешь» деп кеңдік жасаған орыс ұлықтарының шын мәнінде қаншалықты кешірім жасағаны, басына бостандық бергені жайлы соңғы жылдары ғана анық белгілі болып отыр. Мысалы, Өзбек Республикасының Мемлекеттік бас мұрағатында Сыздық сұлтанның 1879 жылдың 12 қазанымен белгіленген Ташкент пен Құрама оязына 15 күнге барып келу үшін рұқсат сұрап Түркістан генерал-губернаторына атына арнайы жазған арызы, оған бауыры Ахмет төренің кепілдік беретіні айтылған және оның Ақмола оязына 5 айға жіберуді өтінген тағы бір арызы бар екен. Оның осы екі арызына қатысты орыс ұлықтарының жазғандарымен танысып шыққанда олардың Сыздық төрені әскери тұтқын ретінде қарастыруын қоймай, сұлтанды, Мәделіқожаның сөзімен айтқанда, «ұзын арқан-тұсауды кең құрып тұр» етіп жетектеп жүргенін бір-

ден түсінуге болады. Мысалы, Сыздық сұлтанға қалаған жерге қоныстануына рұқсат бергенімен орыс әскери шенеуніктері ерекше қырағылық көрсетіп кеңсеаралық хат алысу барысында «Садық уже настолько стар, что едва ли может предпринять что либо враждебное Русскому Правительству. Впрочем, при водворении Садыка, следовало бы обязать Ахмеда письменным поручительством в том, что он обязывается следить за Садыком. В случае [если] он будет жить неспокойно, немедленно донести под опасением ответственности по закону, как за сокрытие преступления» деп өздеріне жан-тәнімен қызмет еткен Ахмет төреге де ала көзбен қарауларын бір сәтке де тоқтаспастан, інісіне ағасын аңдытып қойғанын көреміз.

Бір кереметі сұлтанның бұл арызын орыс тіліне аударып берген Сейтжаппар төре Асфендияровтың өзі екен. Бұл деректің арқасында сол кездері қазақ төрелерінің өзара сыйластығы қандай болғаны жөнінде де мағлұмат алудың сәті түсті. Тағы бір айтып кететін қызық жай, осы секілді құжаттардың ішінде Сыздық сұлтанның Қашғардан ауып келіп, оны күтіп алған орыс офицерлеріне берілгенінде тапсырған қару-жарағы – қосауыз мылтығы, орыс атты әскерлерінің винтовкасы мен қылышы, Ұлы князь Николай Константиновичтен қайтарып беруді өтінгені жөнінде де деректер сақталған екен. Мұның арты біраз кеңсеаралық хат алысуға айналып кетеді де, бірақ, өкініштісі, қару-жарақ егесіне қайтарылғаны жайлы сөз қозғалмайды. Ал енді Сыздық сұлтан жайлы әңгімеді тарих беттерінен орын алған, оның қолбасшылық өнеріне кір келтіретін бір оқыс оқиғаны талдаумен жалғастырсам деймін. Мұнда әңгіме Созақ камалын полковник Черняев бастаған орыс әскерлерінің қалай алғаны жайлы болмақ.

Ресей тарихшыларының мәліметтеріне сенсек, алғашқы мәрте Созақ камалы орыс отаршыларының қолына 1863 жылдың мамыр айында өткен болып шығады. Оның қалай алынғаны жөнінде олардың жазбагерлері былай деп жазады:

«При приближении отряда Черняева к Сузаку там вспыхнуло восстание против кокандских властей. Население Сузака заставило кокандский гарнизон сложить оружие и объявило о своем желании принять русское подданство. Их примеру последовали казахи Биштамгалинского рода, кочевавшие в районе Чолак-Кургана и Сузака».

«В начале марта 1863 г. генерал-губернатор Безак приказал начальнику своего штаба провести рекогносцировку района от Джулека до города Туркестана... Операция, проводившаяся исклю-

чительно с разведывательными целями, обернулась неожиданным результатом. Казачий отряд Черняева шел по заснеженной пустыне под густыми снегопадами, потом под палящим степным солнцем и к концу мая дошел до крепости Сузак. В это время там вспыхнуло восстание против кокандской власти – повсеместно жестокой и разорительной. Своей артиллерией Михаил Григорьевич поддержал восставших; Кокандский гарнизон сложил оружие, а население Сузака попросилось в российское подданство».

Бір қызығы, алғашқы автор, Н. А. Халфин, Созақ халқының орыстың қол астына сұранғанын қуана жазып кеткен соң, «Неожиданные успехи отряда Черняева (хотя он и не «заял окончатель-но» Сузак) вызвали беспокойство Безака, опасавшегося недовольства Министерства иностранных дел. В донесении правительству оренбургский генерал-губернатор отмежевывался от действий Черняева» деп шегіншектеп, Созақтың арғы тарихын аузына қайтадан алмай, келесі 1864 жылы орыс әскерлерінің Мерке, Әулие-Ата, Түркістан, Шымкентті қалай басып алғандары жөнінде әңгімесімен ары қарай өрбітеді.

Сол секілді, қол жеткен басқа да орыс деректерінде Созақтың екінші мәрте алынғаны жөнінде мәлімет кездеспеді. Тек полковник Вережкин бастаған орыс әскерлерінің Түркістанды қамағанын кезінде бұл соғыскер Созақтың ақсақалдарынан астыртын хат алғанын ауызға алып өтіп, онда екіұшты сөздер жазылғанын, Сыздықтың қаланы тастап шығып Шолаққорған түбінде тұрғанын, сұлтанның ойында не барын білмейтіндерін, Түркістан әкімі Мырза-Дәулетпен екеуінің арасы нашар деген сөздер бар болғанын баяндап кеткен. Бұдан ары орыс офицері Сыздық сұлтан Суындық асуынан 120 «кольчужник» сауыт құрған сарбазбен өтіп, оның жолын кесіп, тосып алуға аттанған есаул Савиннің отрядын жер қаптырып, қалаға 1864 жылдың 10 маусымында аман-есен кіріп кеткенін айтып өтеді. Олай болса орыс әскерлері Созақты жаулап алған болып шықпайды. Қамал жау тылында, өз тағдыры өзінің қолында болған күйі қала берген болады.

Ал енді полковник Черняевтің Созақты бірінші рет 1863 жылы алғаны туралы жазғаны – қаланың халқы көтеріліп қоқандықтарды өздері қуып шығып, орыстарға өз еркімен қуана-қуана берілгендігі қаншалықты шындыққа жанасады, бұл мүлдем басқа әңгіме.

Ералы ОСПАҢҰЛЫ,
суретші-өлкетанушы



И ДЕ У-ДЫҢ КЕБІН КИМЕСІН

Біз қазақ жазуындағы «бағы жанбай» қалған тағы бір дыбыс бар. «Бағы жанбай» дегенде жасалымы (артикуляциясы) мен естіліміне (перцепциясына) сай таңбаланбай қалған дыбыстарды айтып келеміз. Бұған дейін «У» таңбасына тоқталған өдік. Ендігі кезек «И» таңбасына (екінші аңгіме) келді. Өйткені қазақ жазуындағы «жаңсақ естілімнің» зардабы орыстың бір «у» таңбасымен бітіп отырған жоқ және сөз болғалы отырған орыстың «и» таңбасымен тағы бітпейді.

арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады. **И** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады. Жасалым белгілері: тілшік (тіл ортасы), жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс. Дауыссыздың ақиқат анықтамасы осы. Ал Халықаралық Фонетикалық Әліпби (ХФӘ) бойынша оның таңбасы **[y]** болып табылады. Оның да қазақ тілі дауыссыздарының пішіндемесінде (модельінде) өзінің орны бар. Модель жоғарыда келтірілді.

тып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі - осы **й[y]**. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай **бы, ды** болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, **ый/ій (йы/ій)** емес) түрінде айтылады. Сондықтан **ый/ій** тіркесінің айтылымы орыс тілінің **и/и** дауысты дыбысының естіліміне ұқсап кетеді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт. Бұлдіршіндер

мен бірінші сынып оқушыларына арналған оқу-құралдарынан бастап **иық, ине** т.б. «сөздер **и** дауысты дыбысынан басталып жатыр» деп түсіндіреді. Орыстақы **и** таңбасының машақаты бір мұнымен бітіп жатқан жоқ. Сөздіктер тізбегіндегі **ы, і** әріптерінің құрамында тұратын ондаған-жүздеген сөздер «адасып» **и** әрпінің соңында жүр. Әзірге тек сөз басындағы буынға қатысты «адасуларды» ғана көріп отырмыз. Ішкі әліпби тізбегіне қатысты «адасуларды» компьютер бағдарламасының көмегі болмаса, көзбен көріп, қолмен түгендеу мүмкін емес.


Ал неге қазақ тілінің төл дыбыс тіркесі осы бір төркіні бөлек жалаң «и» таңбасына байланып қалды? Орыс тілінде «жалған естілімге» себеп болып жүрген дауысты дыбысының **и** таңбасы бар. Осы әріп оп-оңай қазақ әліпбиіне көшіп, **ый/ій** дыбыс тіркесінің таңбасына айналып кетті. Сөйтіп қазақ орфографиясының құрамында әбден орнығып алды. Ендігі жерде кирилдің **и** таңбасы мен дыбысынан құтылу оңай болмай, тіптен, мүмкін болмай отыр.

Жүрген жеріміздің бәрінде «әліпби сауатымызды ашып алудан бастайық» дегенді босқа айтып жүрген жоқпыз. Және «әліпби сауатты» алдымен оқулық авторлары мен әдістеме иелері бастау керек. Ал бастауыш сыныптан бастау алса, жас ұрпақ өсе келе, бүгінгідей «олай емес, бұлай емес» деп арпалысқан ересектердің «әліпби» дертіне ұшырамайтын болады.

Тіліміздегі **й[y]** дауыссыздың ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, **май[may]** тіркесінің үш дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі **мый/тій[mu/ty]** тіркесінің дыбыс құрамын бір **и** дыбысына айналдырып жіберіп отырмыз. Сонда бізге жетпей тұрғаны - оқу-әдістемелік дайындық пен психологиялық шеберлік. Алғашқы **май[may]** тіркесінің дауысты сыңары ашық дауысты **a[a]** айқын естіледі де, екінші сыңары **й[y]** дауыссызынан оңай ажыратылады. Ал екінші **ый/ій[y/y]** тіркесінің дауысты сыңары қысаң **ы/i [i/i]** мен үнді **й[y]** дауыссызының артикуляциясы өзара тығыз кірігіп кетеді. Сөйтіп орыс тілінің **и/и** дауыстысы тәрізді естілім әсер қалдырады. Орыс тілінің **и** дыбысы нығыз айтылады, ал қазақы тіркес босаң айтылады. Дегенмен тіркестің екі сыңарын ажырата алмай жатқанымыз мектептен бастап сөздің қазақы түйсінімнен айрылып қалғанымыздан (немесе айырыла жаздағанымыздан) болып отыр.

Егер **й** дауыссыз дыбысының жазылым емле-ережесі дұрыс құрастырылса, онда сөздің үндесім әуезі, морфем және буын құрамы, тасымал реті мен сөйлем ырғағы бұзылмайтын болады.

Қазақ жазуында **и** таңбасымен белгіленіп жүрген дыбыс тіркесінің дыбыс құрамын таратып жазу алдында осы тіркестің «әліпби» моделін құрастырып алайық.



«Әліпби» модель таңбаның дыбыс құрамын көрнекі және нақты бейнелеп беріп тұр. Оның үстіне **и** таңбасы бір емес, екі тіркестің таңбасы екенін де аңғаруға болады. Сонымен **и** таңбасының әліпби жазылымы төмендегідей болатыны күмән тудырмауға тиіс.

Жуан әуезді сөздердің құрамында.

Жуан (қысаң) әуезді **Ы [i]** мен үнді (жуысыңқы) **Й [y]** дауыссызының тіркесі сөздің морфем және буын тұрқы бұзбай, тасымал ретін сақтау үшін **БІЙ [iy]** болып жазылады:

Сөз басында **й[y]** кездеспейді, сондықтан алдынан **Ы[i]** қосылады: **иық (ыйық) [i-yiq]**;

Сөз ортасында: **тыын (ты-йын) [ti-yin]**, **қыйын (қы-йын)**, **[qi-yin]**, **жыйын (жы-йын) [ji-yin]**;

Сөз соңында: **тый (тый), ылғый (ыл-ғый) [il-guy]**, **сынй (сы-нй) [si-ny]**, **ысый (ы-сый) [i-suy]**;

Жіңішке әуезді сөздердің құрамында.

Жіңішке (қысаң) әуезді **і[i]** мен үнді (жуысыңқы) **Й[y]** дауыссызының тіркесі сөздің морфем және буын тұрқы бұзбай, тасымал ретін сақтау үшін **ІЙ[iy]** болып жазылады:

Сөз басында кездеспейді, сондықтан алдынан **і[i]** қосылады: **и (ій) [iy]**, **иіс (і-йіс) [i-yis]**, **ирек (іі-рек) [iy-rek]**, **ие (і-йе) [i-ye]**, **ине (іі-не) [iy-ne]**;

Сөз ортасында: **киім (кі-йім) [ki-yim]**, **шиі (ші-йе) [ši-ye]**, **тиін (ті-йін) [ti-yin]**, **сирек (сій-рек) [siy-rek]**;

Сөз соңында: **ти (тій) [tiy]**, **би (бій) [biy]**, **бәлки (бәл-кій) [bäl-kiy]**, **іскери (іс-ке-рій) [is-ke-riy]**;

Ендеше латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кирилдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз. Сондықтан алдымен қазақ мәтініне «әліпби транскрипция» жасап алуымыз керек. Сонан соң барып қазақ тілінің төл дыбыстарын латын әліпбиіне көшіреміз. Осындай реформаның нәтижесінде қазақ тілінің:

- төл дыбыс құрамы кірме таңбаларсыз таза анықталады;
- төл дыбыс құрылымы (жүйесі) сақталады;
- морфем құрамы бұзылмайды;
- буын тұрқы жаңсақ жіктелмейді;
- тасымал реті сәтінемейді;
- сөйлем ырғағы сақталады.


Латын әліпбиіне өту үстіндегі жазу реформасының басты нәтижесі осы болмақ.

Өкінішке қарай, бұл дыбыстың ақиқат **[y]** таңбасына латын негізіндегі жаңа ақут әліпбиімізден де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы **[i:]** дыбысының і деген таңбасының кебін киіп қалды. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шала-жансар әліпби тамуғынан аршып ала алар екен, әлде біздің көз алдымызда өшіп құрдымға кете ме?!

Ә.ЖҮНІСБЕК,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтау сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған. Сол дәуірдің өкілдері қазақ тілінде «і» және «й» дыбыстары бар екенін дұрыс аңғарып, оларға дербес-дербес таңба берді. Дегенмен «жарты дауысты» деген мәртебеге сол кезден бастап ие болғаны белгілі. Сөйтіп кейбір сөздердің жазылымында, сирек болса да, «и» таңбасының кездесіп қалатыны тағы бар. Келесі кезеңде, XX ғасырдың басы, А. Байтұрсынұлы көрсеткен қазақ тіліндегі 29 дыбыстың құрамында күмәнсіз жүр. Қазақ тілінің алғашқы латын әліпбиінде (1929-39) «и» және «ј» таңбаларымен басы ашық белгіленіп келді. Бертін келе дауысты мен дауыссыздың мәртебесі ескеріліп, ый/ій тіркестерінің құрамында 1957 жылға дейін бөлек жазылып келді. 50-60-шы жылдардағы зерттеушілер «и» таңбасын қазақ тілінің дауыстылар құрамына енгізіп жіберді. Сонда да болса, қазақ сөзінің жазылым емле-ережесіне әсер ететіндей мәртебесі болған жоқ. Тек 1957 жылы, «қызыл саясат» қазақ әліпбиі мен оның емле-ережесіне де жетті. Сөйтіп қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің «и» дыбыс/таңбасы ендірілді. Сонымен кірме «и» таңбасы да «у-мен» жарысып, қазақтың төл дауысты дыбыстарының құрамына «дауысты» болып қосыла кетті. Кез келген ғылыми-теориялық еңбек немесе оқулық бетін ашыңыз, оқу-құралының немесе әртекті мақаланың бетін ашыңыз, алдыңыздан дауысты «и» шыға келеді. Тағы да «тый/ти», «сый/си» деп жазып, әбігерге түсіп келеміз. Қазақ тілінде ый/ій тәрізді дауысты+дауыссыз дыбыс тіркесінің жеке дауысты дыбыс бола алмайтыны санамызға жетпей қойды.

Сонымен, тіркестің бірінші сыңары дауысты «і» дыбысының жасалымына тоқталсақ: тілдің көлденең қалпына қарай - тіл ортасы, тілдің тік қалпына қарай - қысаң, ерін қатысына қарай - езулік. Сонда жасалым белгілері: тіл ортасы, қысаң, езулік болып шығады. Ал «й» дауыссызы соңғы жылдары жарық көрген академиялық еңбектерде «й» таңбасымен белгіленіп жүрген дыбыстың ақиқат мазмұны анықталып берілді: «И(y) дауыссыз дыбысы тілшік (тіл ортасы) арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік (тіл ортасы) дауыссыз дыбыс болып табылады. И дауыссыз дыбысы тілшік (тіл ортасы) пен тіл түбінің (таңдайдың) өзара жуысуы



Пішіндемеден көрініп тұрғандай, **й[y]** дауыссыз дыбысы құрылымның (модельдің) бір бұрышын ұстап тұр. Егер **й[y]** дауыссыз дыбысы жоғалатын болса, онда пішіндеме (модель) түгел қауіп түседі. Бұл - тіл дыбыстарының құрамынан бір дыбыс жоғалса бүкіл жүйесі (системасы) бұзылады немесе бір бөге дыбыс енетін болса, тілдің дыбыс жүйесі (системасы) түгелдей бүлінеді деген сөз.

Алайда академиялық еңбектердің нәтижесі әзірге оқулықтар мен оқу-құралдарына жетпей жатыр. Сондықтан да, көпшілікті шатастырмас үшін **й[y]** таңбасының іргесіне **[y]** таңбасын қосақтап **й(y)** деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз (орыстың дауысты «у» таңбасымен шатастырмау керек).

Ғылыми негізге жүгінетін болсақ, Халықаралық Фонетикалық Әліпби (ХФӘ немесе МФА - Международнй Фонетический Алфавит) үлгісі бойынша бұл дауыссыз дыбыстың, өзінің жасалымына (артикуляциясына) лайық, әліпби таңбасы латынның **[y]** болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз.

Енді неге «шала дауысты» болып жүргеніне тоқталайық, бірінші, оның жасалымы (артикуляциясы) дауыстыға ұқсайды, себебі ауыз қуысында кедергі жоқ; екінші, оның тілдегі қызметі дауыссызға ұқсайды, себебі буын құрай алмайды. Тіл жүйесінде оның екінші қызметі басым болып есептеледі, сондықтан да ол дауыссыз дыбыс болып саналады.

Дауыссыз **й[y]** дыбысын жоғал-



Алайда академиялық еңбектердің нәтижесі әзірге оқулықтар мен оқу-құралдарына жетпей жатыр. Сондықтан да, көпшілікті шатастырмас үшін й[y] таңбасын қосақтап й(y) деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз (орыстың дауысты «у» таңбасымен шатастырмау керек).

Ғылыми негізге жүгінетін болсақ, Халықаралық Фонетикалық Әліпби (ХФӘ немесе МФА - Международнй Фонетический Алфавит) үлгісі бойынша бұл дауыссыз дыбыстың, өзінің жасалымына (артикуляциясына) лайық, әліпби таңбасы латынның [y] болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №109 (4078) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include candidates like КИМ АЛИЯ, БУЛАМБАЙ СЕРИК, etc.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include candidates like ЖУЗБАЕВА ГАУХАР, ТЕМИРБЕКОВ АЙДОС, etc.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include candidates like САУТБАЕВ ЖАНГАЛИ, АҚЫЛОВА БАҚЫТ, etc.

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

МӘШҮР ЖҮСІПТИҢ ШАПАНЫ МЕН ТАҚИЯСЫ



Ұлт тарихында бойына сан түрлі ғажайып өнер мен тылсым сыр тоғысқан әулие тұрпаттас адамдар болған. Сондай сиректің бірі, өлеңнің өрен жүйрігі – Ғафу Қайырбеков «Қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп» деп тебіренген ақын, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіп атамыз жасынан өлең жазып қана қоймай, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оны сол кездегі газет-журналға жариялады. Ташкент, Бұхара, Түркістан секілді көне шаһарларға сапарлап, білімін толықтырып, бірнеше тілді меңгерді. Текті тұлғаның «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты еңбектері 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасында жарық көрген.

Біз бүгінгі әңгімемізде ғұламаның елордадағы Ұлттық музейдің төрінде тұрған шапаны мен тақиясы туралы айтсақ дейміз. Бас мұражайдағы Баспасөз бөлімінің редакторы Майра Ермекебаеваның айтуынша, бағалы жәдігер музейге бұрынғы Президенттік Мәдениет орталығынан тапсырылған. Шапан күлгін түсті барқыт матадан тігілген, тік жағалы болып келеді. Шапанның алдыңғы, етегінің, жеңінің және екі жаңындағы қиығының жиектеріне алтын жіппен, ақ, жасыл, қызыл түсті жібек жіптермен ою жүргізілген, ұзындығы – 128 см, жеңінің ұзындығы – 66 см, ені – 30 см. Етек жағы

кең тігіліп, екі жаңына 45 см көлемде қиық салынған. Ал тақия күлгін түсті барқыт матадан тігілген. Тақияның маңдайына, артқы жағына, төбесіне алтын жіппен және ақ, жасыл, қызыл түсті жібек жіптермен ою жүргізілген. Төбесіне үкі тағылып, маңдай тұсына ай пішінді түйреуіш қондырылған.

Халық қадірлеген әулиенің есімі мен тақиясының төбесіндегі үкісіне байланысты ескіден келе жатқан әңгімеде былай деп айтылады: Мәшһүр Жүсіп әкесінің 42 жасында өмірге келген, азан шақырып қойған есімі – Адам Жүсіп. Бірде ауылдағы жиын-той үстінде қисса-дастандарды жатқа айтып, жұртшылықты ұйытып отырған тоғыз жасар балаға көзі түскен, ел жақсысы Мұса Шорманұлы зерделі жеткіншекке ырза болып, тақиясына үкі таққызып, «Өз заманыңда халқыңа Мәшһүр болатын бала екен» деп батасын беріпті. Содан кейін Мәшһүр Жүсіп атанған дейді.

Қазіргі күні заманынан асып туған ұлтымыздың ұлы перзентінің артында қалған мол мұрасы жинақталып, бірнеше том болып жарық көріп, халық қазынасына айналды.



ҰЛЫ АҚЫНҒА АРНАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мемлекеттік филармониясының Қазақ оркестрі Абай атамыздың 175 жылдығына арнап, жұртшылыққа онлайн концерт ұсынды.

Әсем ән мен күмбірлеген күйге толы кеш барысында, халық музыкасының сарқылмас қайнарына айналған Қорқыт, Кетбұға, Дәулеткерей, Құрманғазы, Тәттімбет, Ықылас, Сүгір, Махамбет, Дина, Алшекей секілді ұлы күйшілердің туындылары көрермендерді әсерлі сезімге бөлеп, адам бойындағы ұлттық рухтың байрағын желбіретті.

Сонымен бірге оркестрдің орындауында Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, Сыдық Мұхамеджанов,

Нұрғиса Тілендиев, Кенжебек Күмісбеков, Мыңжасар Маңғытаев сынды көрнекті композиторлардың әлдеқашан елдің ықыласына бөленген шығармалары көркемдігімен көңілді баурады. Концерттің бір жаңалығы ретінде, Қазақ халық ұлт аспаптары оркестріне бейімделген әлемге танымал Иоганн Штраус пен Имре Кальманның, барокко композиторы Антонио Вивальдидің туындылары тыңдаушыларды бей-жай қалдырмады.

© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпби және әдістеме» тақырыбында онлайн режимде халықаралық семинар-кеңес өткізді.

Түркі тілдері – Шығыс Еуропадан Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 180 миллион адамның ана тілі, 210 миллион адам өзінің екінші тілі ретінде қабылдайды, 40 тілден тұратын тілдер тобы.

Тіл кеңістік пен шекараға тәуелді, сол себепті үлкен аумаққа таралған түркі қауымы тілдерінде айырмашылық болуы – әбден заңдылық. Бірақ, әрқайсысы дербес ел болғанмен, тегі бір, мақсаты ортақ. Семинар-кеңестің басты нысана еткен мәселесі – түркі тілдерін зерттеушілермен, әдіскерлермен ғылыми пікір, тәжірибе алмаса отырып, туыстас тілдердің мамандары арасында

өзара байланыс қалыптастыру. Халықаралық бас қосуға ғағауыз, қырғыз, ноғай, өзбек, хакас, қарақалпақ, түрік, тыва, татар және қазақ тілдерінің мамандары, барлығы алты мемлекеттің ғалымдары қатысты.

Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қаба іс-шараға қатысушыларға сәттілік тілей отырып, түркітілдес халықтар арасындағы латын негізді әліпбиге ауысу тарихына тоқталып өтті.

Халықаралық ғылыми басқосу барысында жаһандану жағдайындағы тілдік ахуал ортаға салынды, әліпби және түркі тілдерін оқыту әдістемесі

бағытында ортақ және жеке ғылыми-әдістемелік дәстүрлер мен жаңашыл бастамалар жөнінде пікір алмасып, тәжірибелер қорытындыланды. Сонымен қатар, түркі халықтары қолданатын әліпби нұсқалары, әліпби түзу принциптері, әр тілдің фонетикалық ерекшеліктері, емле ережелері жөнінде сөз болды.

Бұл мәселелер, әсіресе, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ғалым Ербол Тілешовтің «Түркі тілдері: әліпби және қазіргі тілдік жағдаят» баяндамасында кеңінен қамтылды.



ҚАЗАН ПРЕМЬЕРАМЕН БАСТАЛАДЫ

Алдағы 2-3-ші қазанда елімізде алғаш рет «Астана Опера» театры көрермендері асыға тосып жүрген Г.Доницеттидің атақты «Дон Паскуале» опера-сының онлайн-премьерасы қойылады.

Айтулы туындының қоюшы дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдин, қоюшы режиссер – Наталья Кагадий. Сценограф әрі костюмдер бойынша суретші – Манана Гуниа, қойылымның көркемдік

жетекшісі – Алла Симонишвили. Бас хормейстер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Дәуітов, жарық бойынша суретші – Сергей Кулак. Жоба үйлестірушісі – Маржан Жәкенова.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор —
ЖАРҚЫН ЖҰМАДІЛОВ

Бас редактор –
ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ

Шеф редактор –
ТӨЛЕН ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Апталық таралымы — 15 000

Тапсырыс №111

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсыя-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru